

УДК 639.11

**Батылбек Б., Байбатшанов М.К.,
Керімбаев С.С., Қыдыров Т.Н., Акоев М.Т.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ҚЫРҒАУЫЛДАРДЫ ЖЕРСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӘСІПТІК МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысына қырғауылдарды жерсіндіру жұмыстары және оның кәсіптік маңызы қарастырылған.

Кілт сөздер: Алматы облысы, қырғауыл, жерсіндіру, кәсіптік маңызы, тауық тәрізділер отряды

Кіріспе

Біздің қазақ жерінде құстар жайлы деректердің бастауын ертедегі ғалымдар еңбегінен көруге болады. Кейіннен ел аумағында арнай түрде зерттеу жүргізген ғалымдар жұмысы XIX ғасырдың басынан басталады. Олар құстардың ғылымға белгісіз түрлерін ашып, сипаттама берді. XX ғасырдың 70–80 ж. жалпы Қазақстан аумағында, әсіресе, аз зерттелген Тянь-Шань, Алтай тауларын, Бетпақдала өңірі мен Маңғыстау, Бозашы шөлейтті аймақтарын мекендейтін құстарға орнитология зерттеулер толықтай жүргізілді. Құстардың қоныс аударуы (республика әуе жолымен ұшып өтетін жолдары, саны, оның маусым, тәулік ішінде өзгеруі, құсқа сақина салу нәтижелері), олардың қоректенуі, көбеюі, қазіргі кездегі құс популяциясының жағдайы, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің экологиясы зерттеліп, құнды ғылыми мәліметтер алынды [1].

Қазіргі уақытта құстар жүйеленімі мен морфологиясына арналған зерттеулер одан әрі жалғасуда; су құстарын пайдалану, құстың ауыл шаруашылығы дақылдарына тигізетін зиянын азайту жолдары іздестірілу, шаруашылыққа пайдалы құстарды интродукциялау жолдары дамуда. Ал интродукциялау дегеніміз экологиялық тұрғыдан айтқанда тіршілік иелерін жаңа жағдайда өмір сүруге бейімдеу. Жерсіндіру үрдісі (процесі) жануарлармен құстардың өмір сүрген ортасының өзгеруіне байланысты, яғни орманның оталуына, шөлді игеріп суландыруға немесе батпақты құрғату жағдайында көп жануарлар жер ауып немесе саны азайған жағдайда жүргізіледі. Жерсіндірілген құстар қоршаған ортадағы ауа температурасының өзгеруіне, жарықтың әсеріне, атмосфералық қысымға, дымқылдығына, ауадағы газдың құрамының өзгеруіне және қорегіне тәуелсіз болады.

Жалпы тауықтәрізділер отряды жер шарында кең тараған, Антарктикамен кейбір мұхит аралдарынан басқа жерлердің барлығында кездеседі. Қазіргі кезде 280-нен астам түрі бар, олар морфологиялық және экологиялық ерекшеліктеріне қарай 2 отряд тармағына: тауықтар (Galli) және гоациндерге (Opisthocomi) бөлінеді. Осы тауықтәрізділер отрядындағы қырғауыл тұқымдасына жататын қырғауыл (Phasianus) елімізде кәсіптік маңызы бар құс. Тауық тәрізділерге жататын құстардан қырғауылдың айырмашылығы құйрығы өте ұзын келеді. Қырғауылдың мекиендері мен қораздарының тек қана ашық түсінде ғана емес, денесі ірірек және ұзын құйрығымен аяғындағы тепкімен ерекшеленеді [2].

Қырғауыл жылы жаққа ұшпайтын отырықшы құс. Сәуір-мамыр айларында 5-17 дейін жұмыртқа салып, 21-27 күнде балапан басып шығады. Жұмыртқасының орташа салмағы 30-35 гр. болады. Қауырсындары ашық түсті болады, тіршілік ету орталарына байланысты

өзгеріп отырады. Қоразының ұзындығы 80-90 см, ұрғашысы 60 см жуық болады. Қырғауылдардың түрлері: алтын-қызыл, қанаттары ашық-қоңыр, басы жасыл түсті, жылтыр темір түстес, мойынның алдыңғы жағы және денесінің жоғарғы жағы көгілдір түсті болады. Жасыл-қоңыр түсті қауырсындар желкесінде ұзын болады. Өмір сүретін жерлер: судың жағасында, қалың шөптерде, шабындық жерлердегі ағаштарды мекендейді. Қырғауыл өте сақ құс. Қалың өскен өсімдіктер арасында өзін қауіпсіз сезінеді, сондай-ақ орман ішінде, суы бар жерлерде жүреді. Оның тіршілік ету жағдайына таулы аймақтарда кіреді. Көбіне жерде жүреді, көп ұшуды қаламайды. Қауіпті жерлерде олар қашуға тырысады. Ол шөп көп жерлерде де, ашық жерлерде де тез жүгіреді. Қоректенетін жерлері тоғайлы және ашық жайылымдарға, ағаштар басында мекендеп, сол жерге түнде қонақтайды. Қырғауылдың мекендейтін жері көбінесе суға және қалың өсімдіктерге жақын орналасады. Неғұрлым өсімдіктер қалың болса, соғұрлым қырғауылдың тіршілік етуіне қолайлы болады. Кейбір жерлерде судың жағалауындағы тоғайлардың арасымен тауға 2500 м биіктікке дейін көтеріледі. Елімізде қырғауылдың 2-түрі мекендейді. Қазақстанда қырғауылдың ең көп тараған жері – Сыр бойы десек, екінші қонысы – Іле аймағы. Мұнда Жетісу қырғауылы өседі. Біріншісінің қоразы көк жасыл, ал екіншісі болса күлгін көк қауырсынды болып келеді. Мекиендерінің айырмашылығы шамалы. Аналықтары ұя салатын жерлер бұталардың, шөптердің арасында қауіпсіз жерлерге салады.

Қырғауыл – тоқшылықтың, берекенің білгісі. Қыс жайлы болатын жылы қырғауыл 10-15 тен, кейде тіпті 20-ға дейін жұмыртқа салады. Ал қыс қатты болатынын үлкендер қырғауылдың 2-3 қана жұмыртқалағанынан білетін болған. 1944-45 жылдары, 1952 жылдары және 1968 жылы қатты суық болып қырғауылдардың саны айтарлықтай азайып кеткен. Экологиялық факторлардың әсерінен азайған алайда үлкен сұранысқа ие қырғауыл саның көбейту мақсатында Алматы облысының жеріне 1964-1968 жылдары Қырғызстаннан 300-ге жуық қырғауыл әкелініп Іле, Жоңғар Алатауларына жіберілді. Жерсіндірілген қырғауылдар мұнда тез таралып, саны тез көбейді. Сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы аңшылық шаруашылығы мен қорықтар Бас басқармасының тапсырмасы бойынша мамандардың 1968 жылдың күз айларында жүргізілген санағына қарағанда, тек Алматы төңірегінде ғана қырғауылдың саны 3 мыңға жеткен. Ал республика бойынша қырғауыл шамамен 50-60 мың болса, соның көбі Жетісу жерінде кездескен екен. Соңғы жылдары жүргізілген есепке қарағанда, қырғауылдың қоры әсіресе тіркелген аңшылық шауаршылықтарында мол екені анықталған. Аңшылар одағының мәліметі бойынша, Оңтүстік облыстарда аңшылық шаруашылықтарда 1000 гектерда 1963 жылы 30-50 қырғауылдан, ал 1970 жылы 300-400 құстан келген. Алматы облысына кейбір аңшылық шауаршылықтарында қыс айларында қалың тоғай арасынан қырғауылдың 50-80-інен тобымен жайылып жүреді. Жалпы көлемі 9 мың гектер Қарашеңгел аңшылық шаруашылығында 1972 жылдың көктемінде осы шаруашылықтың қызметкерлерінің жүргізген санағы бойынша 6300 қырғауыл кездескен (Мухин, 1973).

Қырғауылдың соңғы жылдары осынша тез көбеюіне басты себеп, барлық жерде де қырғауылды атуға тыйым салудың әсері болуға тиіс. Қазіргі кезде қырғауылды тек тіркелген аңшылық шаруашылығында арнаулы рұқсат бойынша ғана атуға болады. Оның өзінде көп емес. Мәселен, жыл сайын күзгі маусым кезінде, яғни 1 қарашадан 5 желтоқсанға дейін аңшы бір шыққанда – 2, ал маусымда 4 қырғауыл атып алуына рұқсат етіледі. Мәселен, соңғы жылдары жыл сайын бір айға созылған маусымда тек үш-төрт аңшылық шаруашылығында аңшылар Алматы төңірегінен 1000-нан астам қырғауыл атып алады. Бұл құс мекендейтін басқа жерлерінің бәрі де қорғауға алынған. Сондықтан да әрбір саналы адам сол қоныстардағы қырғауылды қорғап, оның санын молайтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға тиіс [3].

Сонымен бірге, қырғауыл қорын молайтуға ерекше назар аударылып отырғанына бір ғана мысал келтірейік. Егер де бұдан бес-алты жыл бұрын аңшы аң аулауға бір рет шыққанда 3, ал маусымда 9 қырғауыл атуға рұқсаты болса, жаңа ереже бойынша қазіргі кезде аңшыға бір рет шыққанда 2, ал маусымда 4 қырғауыл атып алуға рұқсат етілді. Сондай ақ бұл құсты браконерлерден сақтау шаралары да жүзеге асырылды. Бірақ бір қиналатын жағдай- кейбір аудандарда бұл құсты рұқсатсыз аулаушылар әлі де кездеседі.

Қырғауыл - өсімтал құс. Оның мекені жылына 7-ден 18-ге, көбіне 8-бен 14-ке дейін балапан шығарады. Олар ұясын жерге салады. Оның қорегіне байланысты қыс қатты, қар қалың, азық қоры аз болған жылдары олардың саны да азаяды және осындай қатаң қыста ол түлкі мен жабайы мысық сияқты жауларына да оңай олжа болады. Сонымен бірге, қырғауылдың көбеюіне оның мекендейтін жеріндегі қамыс қопасын өртеу, орман-тоғай ағашын кесіп алу, шамадан тыс мал жаю сияқты жағдайлар да кедергі жасайды. Сондықтан мұндай шаралардың жоспарлы жүргізілуі табиғат қорғау орындары мен алдын-ала келісіліп істелуі керек.

Қырғауылдарды, құрларды, бөденелерді, үйректерді қолда ұстап оларды аңшылық өңірлерге жібереді. Польшада аңшылық шаруашылықта және арнайы қырғауыл өсіретін жерлерде 100 мыңға дейін қырғауыл өсіріп, соның 50 мыңын жылма-жыл аңшылық өңірлерге жіберіп отырады. Францияда аңшылық құстарды 1983 аңшылық шаруашылықта көбейтеді. 1968 жылы осы шаруашылықтарда шамамен фазаның 1 миллионнан аса жұмыртқасы мен балапаны, 1,6 миллион бөдененің және 1 миллион жабайы үйректерді дайындап берді. Олар жылына аңшылық өңірлерге 2,5 миллион қырғауыл және 0,4 миллион құрларды жіберіп отырады. Ресей Ресейдің Краснодар өлкесіндегі Майкоп қаласындағы қырғауыл өсіретін питомник 1958 жылдан бері 100 мыңнан астам қырғауыл өсірген.

Соңғы жылдары елімізде қырғауылдарды өсіріп жіберу жұмыстары жүргізілуде. Жасанды орман флорасын құру фаунаны дамытумен қатар жүргізілуі тиіс екенін ескергендіктен қырғауылдарды орманға жіберу жыл сайынғы үрдіске айналған. Осындай жұмыстар көбіне Астана қаласының маңайында жүргізіледі.

Әдебиеттер

1. Нұрғазы Қ.Ш., Байбатшанов М.Қ, Өміржанова Н.М. Зоогеография. Алматы қаласы, «Нур-Принт» баспа орталығы 2010 ж. 264 б
2. Жалпы аң шаруашылығы: М.К. Байбатшанов- Алматы: Эпиграф, 2015. -280 бет.
3. Грачев Ю.А. Изменения численности копытных и хищных млекопитающих в заповеднике Аксу-Джабаглы // Изв. АН КазССР. Сер. Биол. 1981

**Батылбек Б., Байбатшанов М.К.,
Керімбаев С.С., Қыдыров Т.Н., Акоев М.Т.**

РАБОТЫ ПО АККЛИМАТИЗАЦИИ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ФАЗАНОВ И ЕГО ПРОМЫСЛОВОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы по акклиматизации в Алматинской области фазанов. Их промысловое значение и краткая история развития изучение фазанов.

Ключевые слова: Алматинской область, фазан, акклиматизации, промышленное значение, отряд куриных.

**Batylbek B., Baibatshanov M.K.,
Kerimbaev S.S., Kudyrov T.N., Akoev M.T.**

WORK ON ACCLIMATIZATION OF PHEASANTS IN THE ALMATY REGION AND ITS ECONOMIC IMPORTANCE

Annotation

The article deals with topical issues on acclimatization of pheasants in the Almaty region. Their commercial value and a brief history of the study of pheasants.

Keywords: Almaty region, pheasant, acclimatization, commercial value of chicken.

УДК 632.488.4

**Бекежанова М.М., Султанова Н.Ж., Кочоров А.С.,
Байжанова М.А., Кожабаева Г.Е.**

«Жазкен Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Алматы

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНДА *FUSARIUM* САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУ ЖИІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада 2015-2016 жылдар арлығындағы мәліметтер келтірілген. Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан Оңтүстік-Қазақстан, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Шығыс-Қазақстан және Алматы облыстарынан жиналған әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарының үлгілерінен *Alternaria*, *Bipolaris*, *Fusarium* және *Drechslera* туыстарына жататын саңырауқұлақтар бөлінген. Аталған саңырауқұлақтардың ішінен аса жиірек *Fusarium* туысына жататын саңырауқұлақтар бөлініп, оның кездесу жиілігі 50%-ға дейін жеткен.

Кілт сөздер: өсімдік қорғау, микроағзалар, *Fusarium* саңырауқұлағы.

Кіріспе

Fusarium туысына жататын саңырауқұлақтар табиғатта аса кең таралған, оның көптеген түрі сапрофитті тіршілік ететін факультативті тоғышар болып табылғанымен, белгілі бір жағдайларда тоғышарлықтың әртүрлі дәрежесіне өтуі мүмкін. Әлемнің көптеген елдерінде көкөніс дақылдарының ауруларының ішінде фузариоз ауруы бірінші орында тұр. Көкөніс дақылдарында аталмыш аурудың негізгі қоздырғыш-тары ретінде *Fusarium oxysporum*, *F. solani*, *F. avenaceum*, *F. sambucinum* саңырауқұлақтары екендігі анықталған. Батыс Еуропа мемлекеттерінде, Солтүстік Қазақстанда, Белоруссияда және Ресейдің батысы мен шығысында *F. avenaceum* қоздыратын масақ фузариозы бидайдың аса бір қауіпті ауруы болып саналады. Бұл туысқа жататын саңырауқұлақ түрлерінің біразы микотоксин бөліп шығаратындықтан, залалданған өнімді қолдану қауіпті [1-3].

Соңғы жылдары Батыс Еуропа елдерімен қатар, Украина мен Белоруссияда және Ресейде тараған күздік бидай масағының фузариозының эпифитотиясы жиі байқалуда.